

ҚР әкімшілік құқық негіздері

Жоспар

1. Мемлекеттік басқару жүйесі. Субъектісі. Объектісі.
2. Әкімшілік құқық туралы түсінік. Ә.қ. нормалар. Субъектілері. Заңды тұлға. Қоғамдық қатынастарды әкімшілік-құқықтық реттеу. Әкімшілік құқықтық қатынастар түрлері
3. Атқарушы билік органдары
4. Жергілікті атқару органдары
5. Мемлекеттік қызмет.
6. Әкімшілік – саяси аяны басқару.

- **Негізгі ұғымдар:** Басқару, әкімшілік құқық, билік органдары, мемлекеттік қызмет

- **Әкімшілік құқық** – ҚР құқық жүйесінің үлкен бір саласы. Қоғамдық қатынастарды реттейтін мемлекеттік басқару процесінде пайдаланатын және мемлекеттік аппараттың қызметін қамтамасыз ететін аса маңызды тәсілдің бірі

- **Әкімшілік құқық** – мемлекеттік қызметке қатысушылардың құқықтық және ұйымдық нысанын бекітеді , өкілетті органдар , лауазымды адамдар үшін мінез-құлық ережелерін тағайындайды. Құқықтық мемлекет құру ісін жүзеге асырады. Әкімшілік құқық – атқарушы билік аясындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар жиынтығы басқаша атауы басқару құқығы.

- **Мемлекеттік басқару** – мемлекеттік билікті жүзеге асыру, билікті іске асыру жөніндегі ҚР мемлекеттік органдар қызметінің түрлерінің бірі. Мемлекеттік биліктің мәні мен құрылымы Конституция мен конституциялық заңдарда көрсетілген.

- **Атқарушы билік органдары:**
- **Қызмет сипатына қарай :** салалық құзіретті органдар, сала аралық құзіретті органдар, бақылау, қадағалау, мандандырылған мемлекеттік органдар.
- **Салалары мен қызметінің сипаты бойынша :**
- **Экономика саласы бойынша:** экономика және бюджеттік жоспарлау, индустрия және сауда, энергетика, ауыл шаруашылығы, көлік және коммуникация, қаржы т.б.
- **әлеуметтік – мәдени сала бойынша:** білім және ғылым, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау, денсаулық сақтау, туризм және спорт т.б
- **Әкімшілік- саяси қызмет саласы бойынша:** әділет органдары, ішкі істер, қорғаныс, кедендік бақылау т.б.
- Жоғарғы атқару билігі: ҚР Президенті мен Үкіметіне беріледі.
- **ҚР Орталық атқару органдары:** министрліктер, агенттіктер, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті, ведомствалар, жергілікті атқару органдары.

- Мемлекеттік қызметті ұйымдастырудың басты негізгі талаптары ҚР Конституциясында қарастырылған (33-бап). Сонымен қатар 1999 жылғы 23 шілдедегі «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңынан. Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-ұқықтық актілерінен тұрады. Аталған Заң мемлекеттік қызметті ұйымдастырудың негізін, мемлекеттік қызметтердің құқықтық жағдайларын және мемлекеттік қызмет аясындағы қарым-қатынастарының реттелуін анықтайды.

- **Мемлекеттік әкімшілік қызметі**- мемлекеттік саяси қызметшілердің құрамына кірмейтін, мемлекеттік органдар тұрақты кәсіби негізінде лауазымдық өкілеттілік жүзеге асыратын мемлекеттік қызметші.
- **Мемлекеттік лауазым** - мемлекеттік органның нормативтік –құқықтық актілермен белгіленген лауазымдық өкілеттілік пен лауазымдық міндеттердің ауқымы жүктелге құрылымдық бірлігі; мемлекеттік қызмет-мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдардағы мемлекеттік биліктің міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттігін атқару жөніндегі қызметі.

- **Лауазымды адам** – ұдайы, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша өкімет өкілінің міндеттерін жүйеге асыратын немемлекеттік органдарда ұйымдастырушылық- өкім берушілік немесе әкімшілік- шаруашылық қызметтерді орындайтын адам лауазымдық өкілеттік – заңдарда белгіленген құқықтары мен негізгі міндеттері бар мемлекеттік қызметшілер өз қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерге жауап беретін, нақты мемлекеттік лауазыммен көзделген өкілеттілік.

- **Мемлекеттік қызмет** - мемлекеттік органда заңдарда белгіленген тәртіппен республикалық немесе жергілікті бюджеттен не Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің қаржысынан ақы төленетін қызметі атқаратын және мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттілікті жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы.

- **Біліктілік талаптары** - мемлекеттік әкімшілік қызметті атқаруға үміткер азаматтарға оның кәсіби даярлығының деңгейін, құзіреттілігін және нақты әкімшілік қызметке сәйкес келуін анықтау мақсатында қойылатын талаптар.
- **Мемлекеттік саяси қызметші-** тағайындалуы (сайлануы), босатылуы және қызметі саяси-айқындаушы сипатта болатын және саяси мақсаттар мен міндеттерді іске асыру үшін жауап беретін мемлекеттік қызметші.

- **Мемлекеттік әкімшілік қызмет санаты** - мемлекеттік әкімшілік қызметшілер атқаратын, лауазымды өкілеттіктің көлемі мен сипатын көрсететін әкімшілік лауазымдар жиынтығының саралаушылық сипаттамасы.